

УДК 808.80

**ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ӨЗБЕК ТІЛДЕРІНДЕГІ САН ЕСІМДЕРДІҢ МАҒЫНАЛЫҚ
ТОПТАРЫ**

Сералина Жанна Кайратденовна

zhanna.seralina@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті

«Түркітану» мамандығының 2-курс магистранты,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – М.М. Қосыбаев

Тіл білімінде заттың санын, мөлшерін, ретін, бөлшегін білдіретін сөздер тобы сан есімдер деп аталады. Сан есімдер қалыптасу негізі жағынан басқа сөз таптарымен тығыз байланысты. Бұл ерекшелік сан есімдерден басқа сөз таптарында кездеспейді. Сан есім зат есіммен тіркесіп заттың сандық сипатын анықтайды; зат есімсіз қолданылып сандық атауды білдіреді; етістіктермен тіркесіп іс-әрекет пен қимылдың сандық сапасын сипаттайды; сан есімдер басқа сөз таптарынан жасалмайды [1, 434].

Қазіргі қазақ тілінде заттың сандық мөлшерін түрліше атауына байланысты сан есімдер алты мағыналық топқа бөлінеді: есептік сан есім, реттік сан есім, жинақтық сан есім, топтау сан есімі, болжалдық сан есім және бөлшектік сан есім.

Есептік сан есімдер белгілі бір заттар мен құбылыстардың сандық мөлшерін білдіреді. А.Бісқақов есептік сандардың қатарына сан есімдердің өзге топтарының жасалуына негіз болатын табиғи сандардың жататынын айта келіп, оларды бірлік сандар, ондық сандар, жүздік сандар, мыңдық сандар деп жіктеп көрсетеді [3, 128]. Мысалы, *Жеті атасын білген ұл, жеті елдің қамын жер; Ердің құны – жүз түйе, көздің құны – елу тайлақ* мақалдарындағы *жеті, жүз, елу* сан есімдері *ата, ел, түйе, тайлақ* сөздерін сан жағынан анықтап тұр. Есептік сан есімдер субстантивтегенде ғана сөз түрлендіретін қосымшаларды қабылдайды. Мысалы, *Көз мыңды көрер, көңіл бірді сүйер* мақалындағы *мыңды, бірді* есептік сан есімдері субстантивтеніп, табыс септігінің *-ды, -ді* жалғауларында қолданылып тұр.

Қазіргі қазақ тіліндегі реттік сан есімдер белгілі бір заттар мен құбылыстардың орын тәртібі, реттік жүйесін белгілеу үшін қолданылады [2, 98]. Реттік сан есімдер *-інші, -ыншы* жұрнақтары арқылы жасалады. *Еңбек - адамның екінші анасы; Бірінші байлық — денсаулық, екінші байлық — он саулық, үшінші байлық — ақ жаулық* мақалдарындағы *бірінші, екінші, үшінші* реттік сан есімдері алдында тұрған зат есімдердің реттік санын білдіріп тұр.

Жинақтық сан есімдер *бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті* сандарына

-ау, -еу жұрнақтары жалғану арқылы жасалып, жинақтау мағынасын білдіреді. Мысалы, *Өтірік ұшы – екеу, шындықтікі – төртеу; Ағайын алтау болса, адам тимейді, тура жүрсең, лебізің күймейді.* Жинақтық сан есімдер заттанып қолданылатындықтан сөз түрлендіруші қосымшаларды қабылдай береді: *Екеуге иық көрсеткен біреу – өзінің соры, біреуге иық көрсеткен екеу – елінің соры. Екеуге, біреуге жинақтық сан есімдеріне барыс септігінің -ге жалғауы жалғанып тұр.*

Топтау сан есімдері заттар мен құбылыстардың санын топтап көрсетеді. Есептік, жинақтық, болжалдық сан есімдерге *-дан, -ден, -тан, -тен* аффикстері жалғану арқылы жасалады. Мысалы, *Бұларды да бөлек-бөлек сызық бойымен кесіп, екі бала немесе одақтасып екі жақ үш-үштен үлесіп алады. Осы алты сөзді бөлек-бөлек кескеннен кейін, екеу-екеуден қосып, қисынын келтіріп балалар сөйлем жасаулары керек* [5, 52]. Бірінші сөйлемдегі *үш-үштен* топтау сан есімі есептік сан есімнен, ал екінші сөйлемдегі *екеу-екеуден* топтау сан есімі жинақтық сан есімнен жасалып тұр.

Белгілі-бір заттар мен құбылыстардың санын дәл атамай, тұспалдап қана көрсететін сан есімдердің мағыналық тобы болжалдық сан есімдер деп аталады. Болжалдық сан есімдер морфологиялық және синтаксистік тәсіл арқылы жасалады. Мысалы, *Қараңдаған екі-үш адамның бойы көрінді; Қызы Күлзипа сонда он жеті шамасында шығар деймін (Б.Майлин).* Бұл сөйлемдердегі *екі-үш, он жеті шамасында* топтау сан есімдері синтаксистік тәсіл арқылы жасалған.

Бөлшектік сан есімдер заттар мен құбылыстардың сандық бөлшегін білдіріп, құрамы жағынан күрделі болып келеді [3, 206]. Мысалы, *Жүзден біреу – шешен, мыңнан біреу – көсем* мақалындағы *жүзден біреу, мыңнан біреу* бөлшектік сан есімдері шығыс септігі мен тәуелдік жалғаулы сан есімдердің тіркесуі арқылы жасалып тұр. Ал *Екеудің бірі – жұбай, үшеудің бірі - шарана, төртеудің бірі – қаймана* дегендегі *екеудің бірі, үшеудің бірі, төртеудің бірі* бөлшектік сан есімдерінің бірінші сыңары ілік септігіндегі, ал екінші сыңары тәуелдік жалғаулы сандардың тіркесуі арқылы қолданылған.

Қазіргі қазақ тілінде *жарым, жарты, ширек* сияқты бөлшектік ұғымда қолданылатын сөздер бар. Мысалы, *Мынау адамның балтырынан бір ширек ет кесіп ал, бірақ бір ширектен артық та, кем де болмасын; мұнан не артық, не кем болса, өз обалың*

өзіңе, басыңды аламын [5, 105]. Бұл сөйлемдегі *ширек* сөзі төрттің бірі деген ұғымда қолданылып тұр.

Өзбек тіліндегі сан есімдерге де заттың санын, ретін, мөлшерін білдіретін сөздер тобы жатқызылады. Олар *қанча? неча? нечта? нечанчи?* деген сұрақтарға жауап береді. Кононов А.Н. «Грамматика узбекского языка» деген еңбегінде өзбек тіліндегі сан есімдердің жеті мағыналық түрін көрсетеді: «Имя числительное - часть речи, обозначающая число, счет предметов - в узбекском языке делится на следующие разряды: 1) количественные числительные, 2) штучные числительные, 3) порядковые числительные, 4) разделительные числительные, 5) дробные числительные, 6) собирательные числительные, 7) неопределенно-количественные числительные» [8, 119]. Қазіргі өзбек тілінде сан есімдер мағынасына қарай есептік сан есім (саноқ сонлар) және реттік сан есім (тартиб сонлар) түрлері беріліп жүр: «Различают два разряда имён числительных: количественные (саноқ сон) и порядковые (тартиб сон)» [7, 44], «По своему значению числительные в узбекском языке могут быть количественными – *саноқ сонлар* и порядковыми – *тартиб сонлар*» [9, 113], «Имена числительные, обозначающие количество предметов, порядок предметов при счете в современном узбекском языке могут быть количественными и порядковыми» [10, 66]. Кононов А.Н. жеке мағыналық топ ретінде көрсеткен дана, топтық, бөлшектік, жинақтық, болжалдық сандар қазіргі өзбек тілінде есептік сан есімдердің түрлері ретінде беріледі.

Қазіргі өзбек тіліндегі есептік сан есімдер (*саноқ санлар*) заттың жалпы санын білдіріп, сан есімнің басқа мағыналық түрлерінің жасалуына негіз болады. *Беш құл баробар эмас (Бес саусақ бірдей емес), Бир қозонда икки құчқорнинг боши қайнамас (Бір қазанда екі қошқардың басы қайнамас), Бир кун уруш бўлган уйдан қирқ кун барака құтарилади (Бір күн ұрыс болған үйден қырық күндік береке кетеді)* мақал-мәтелдеріндегі *беш, бир, икки, қирқ* есептік сан есімдері *құл, қозон, құчқор, кун, барака* сөздерінің нақты санын білдіріп тұр. Қазіргі қазақ тіліндегі есептік сан есімдер сияқты өзбек тіліндегі сан есімдер де субстантивтенгенде түрлі грамматикалық қосымшаларды қабылдай алады. Мысалы, *Бирни кессанг, ўнни эк (Бірді кессең, онды ек), Қирқига чидаган қирқ бирига ҳам чидайди (Қырқына шыдаган қырық біріне де шыдайды)* мақал-мәтелдеріндегі *бирни, ўнни* сан есімдері табыс септігінің *-ни*, ал *қирқига, қирқ бирига* есептік сан есімдері барыс септігінің *-га* жұрнағында қолданылып тұр.

Есептік сан есімдердің бес мағыналық түрі бар: дана, болжалдық, жинақтық, топтық, бөлшектік сан есімдер (*дона, чама, жамловчи, улуш, каср сонлар*). *Дона санлар -та* аффиксі немесе «*нафар*», «*дона*», «*бош*», «*туп*» (*беш туп дарахт, икки дона олма, ўн нафар ўқувчи*) сөздерімен тіркесу арқылы жасалып, біртекті заттардың санын білдіреді. Мысалы, *Душманинг битта бўлса ҳам кўп, дўстинг мингта бўлса ҳам кам (Бір дұшпан - көп, мың дос - аз), ун беш бош туя ва йигирма бош қорамол (он бес бас түйе, жиырма бас қарамал), Чучварани тушда қил, тугишини учта қил, ейишини бешта қил (Үш тұшпара жасап, бес тұшпара же)* мақал-мәтелдеріндегі *битта, мингта, учта, бешта* сан есімдері *- дона санлар*.

Чама санлар (болжалдық сан есімдер) заттың нақты санын білдірмей, шамамен көрсетеді. Өзбек тіліндегі болжалдық сан есімдер - *тача, - лаб, -ларча* аффикстері және есептік сан есімдердің қосарлануы арқылы жасалады: *саккизтача (сегізге жуық), унлаб (ондық), юз-юз эллик (жүз-жүз елу)*. **Жинақтық мағынаны білдіретін жамловчи сонлар (жинақтық сан есімдер)** *-ов (икков, уч), - ала (иккала, учала, бешала), - овлон (учовлон, бешовлон, еттовлон)* жұрнақтары арқылы қолданылады. Мысалы, *Бировлан омоч билан, еттовлан чўмич билан (Біреуі еңбектенеді, жетеуі қарап тұрады)*. *Улуш немесе тақсим сонлар (топтау сан есімдері)* - *тадан* аффиксі арқылы жасалып, заттарды немесе құбылыстарды топтастырып көрсетеді: *бештадан (бестен), уттиз тұққозтадан (отыз*

тоғыздан), *Биз иккитадан қалам, бештадан дафтир олдик* (Біз екіден қалам, бестен дәптер алдық).

Қазіргі өзбек тіліндегі бөлшектік сан есімдер (*каср сонлар*) санның бөлшегін білдіретін күрделі сан есімдер болып табылады: *еттидан уч* (жетіден үш), *беш будун учтан екки* (бес бүтін үштен екі), *ярим, яримта* (жарым, жарты), *чорак, чоракта* (ширек), *нимчорак* (сегізден бір бөлік) сөздері де бөлшектік сан есімдерге жатады: *икки ярим* (екі жарым), *беш ярим* (бес жарым); *Соат тұққиздан чорак ўтди* (Сағат тоғыздан ширек (он бес) кетті) [10, 71]. Реттік сан есімдер (*тартиб сонлар*) есептік сан есімге *-нчи, -инчи* жұрнақтары жалғану арқылы жасалады. Мысалы, *Менинг қизим бешинчи синфда ўқийди* (Менің қызым бесінші сыныпта оқиды); *Учинчиси – фойдали ишлар қилмоқдир* (Үшіншісі – пайдалы істер жасаңдар).

Қорыта келгенде, қазіргі қазақ және өзбек тілдеріндегі сан есімдер сөз табы ретінде заттар мен құбылыстардың санын, ретін, мөлшерін білдіреді. Қазіргі қазақ және өзбек тілдеріндегі сан есімдердің мағыналық топтары бойынша ұқсастық та, айырмашылық та бар. Қазақ тіліндегі сан есімнің бөлшектік, болжалдық, топтық, жинақтық түрлері жеке мағыналық топ ретінде қарастырылса, қазіргі өзбек тілінде олар есептік сан есімнің мағыналық түрлері ретінде берліген. Өзбек тілінде *-та* аффиксі немесе «*нафар*», «*дона*», «*боиш*», «*туп*» сөздерімен тіркесу арқылы жасалатын *дона санлар* (дана сандар) деп аталатын мағыналық топ бар. Екі тілде де есептік сан есімдер субстантивтенгенде сөз түрлендіруші аффикстерді қабылдай алады.

Қазақ және өзбек тілдеріндегі жинақтық сан есімдердің тек бірден онға дейінгі сандарға қатысты болуы, бөлшектік, реттік, топтық, болжалдық сан есімдердің жасалу жолдарының ұқсастығы түркі тілдеріне тән ортақ заңдылықты көрсетеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Түймебаев Ж., Ескеева М. Түркітанудың тарихи-лингвистикалық негіздері. Алматы: Қазығұрт, 2015, 434 бет
2. Қазақ тілінің грамматикасы I том. Алматы, 1967, 98 бет
3. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Ана тілі, 1991, 128-206 беттер
4. Қазақ мақал-мәтелдерінің алтын кітабы. Алматы: Аруна, 122-168 беттер
5. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992, 55-105 беттер
6. Махаматов Т.М., Хамидов Х.Х., Лосева-Бахтиярова Т.В. Узбекский язык. -М.: Прометей, 2018. С. 157
7. Мухамедова Д., Носирова Д. Хозирги узбек тили. Ташкент – 2014, С.44
8. Кононов А.Н. Грамматика узбекского языка. Ташкент -1948, С.119
9. Решетов В.В. Основы фонетики и грамматики узбекского языка. Ташкент: Учитель, 1965, С.113
10. Исмагуллаев Х. Самоучитель узбекского языка. Ташкент: Укитувчи, 1991, С.143